

Мемлекеттік органдар мен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының арасында мұнай операцияларындағы өкілеттіктерді ажырату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 маусым N 707

Мемлекеттік органдар мен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының арасында мұнай операцияларындағы өкілеттіктерді ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының мұнай операцияларындағы өкілеттіктерінің тізбесі бекітілсін.

2. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі құзыретті орган, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау жөніндегі мемлекеттік органдар және өзге де мемлекеттік органдар заңнамаға және әрбір мемлекеттік орган туралы ережелерге сәйкес мұнай операциялары саласындағы оларға жүктелген функцияларды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бір ай мерзімде көрсетілген қоғам:

1) - 2) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.**

3) теңіздегі мұнай операциялары және басқа да мұнай операциялары бойынша келісім-шарттарда келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы мемлекеттік коммерциялық мүдделерді білдіреді;

4) Министрліктен жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру, құжаттарға сараптама жүргізу және Министрліктің тапсырмаларын орындау үшін қажетті барлық мәселелер бойынша ақпарат алуға құқылы деп белгілей отырып, мұнай операцияларындағы өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен өзара іс-қимыл шартын әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі және өзге де мүдделі мемлекеттік органдар осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының мұнай операцияларындағы өкілеттіктерінің тізбесі

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Ұлттық компания) :

1) мұнай мен газ ресурстарын пайдалану, ұдайы өндіру және одан әрі ұлғайту стратегиясын әзірлеуге;

2) мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға;

3) Каспий және Арал теңіздері секторларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларына арналған конкурстар ұйымдастыруға;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі халықаралық және ішкі жобаларына;

5) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізатын тасымалдау жөніндегі барлық ішкі және халықаралық жобаларына;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісім-шарттардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысады.

2. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Ұлттық компания келісім-шарттарға міндетті үлестік қатысуы арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіреді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен .

3. Ұлттық компания мұнай операцияларымен байланысты жаңа жобаларды дайындайды және іске асырады.

4. Ұлттық компания мұнай мен газ кен орындарын іздестіру мен барлау, мұнай өндіру саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асырады.

5. Ұлттық компания республика мұнай-газ ресурстарының тиімді және ұтымды игерілуін қамтамасыз етеді және (немесе) жүзеге асырады.

6. Құзыретті орган жер қойнауын қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Үкіметтің бекітуі үшін инвестициялық бағдарламалардың конкурсына шығаруға осы тізбеде оған тікелей келіссөздердің негізінде Құзыретті орган құрлықта да, теңізде де қандай блоктар мен телімдер ұсынуы тиіс екенін көрсетіп, Ұлттық компанияның ұсыныстарын ескере отырып, блоктар мен жер қойнауы телімдерінің

тізбесін және Ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуымен әзірленетін блоктар мен телімдердің тізбесін қалыптастырады.

7. Құзыретті орган Ұлттық компанияның ұсыныстарын ескере отырып, инвестициялық бағдарламалардың конкурсына шығаруға жататын жер қойнауы телімдерінің (блоктарының) тізбесін қалыптастырады.

8. Ұлттық компания өзінің өкілдері арқылы:

1) инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссиялардың;

2) Мұнай мен газ кен орындарын әзірлеу жөніндегі орталық комиссияның;

3) жер қойнауын мемлекеттік сараптау жөніндегі арнайы уәкілетті органның жұмысына қатысады.

9. Ұлттық компания Үкімет бекіткен оның міндетті үлестік қатысуы бар блоктар бойынша конкурстың негізгі талаптарын қалыптастыруға қатысады.

10. Ұлттық компания болашақтағы келісім-шарт бойынша өзара міндеттемелерді белгілеу мақсатында Құзыретті органмен теңіздегі барлық ірі жобалар бойынша келісім-шарттардың жобаларын дайындауға қатысады.

11. Ұлттық компания көмірсутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару мен мониторингті жүзеге асырады.

12. Ұлттық компания көмірсутегі шикізатын сату, тасымалдау және мұнай-газ құбырларын пайдалану мәселелері бойынша маркетингті жүзеге асырады.

13. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.**

14. Ұлттық компания үлестік қатысуы бар келісім-шарттарда мердігерлерге рұқсат беру құжаттарын алу үшін материалдарды ресімдеуге жәрдем көрсетеді.